

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақша МКҚК бойынша

Кезектен тыс педагогикалық кеңестің хаттамасы

Өткізілген уақыты: 25.05.2026 жылы

Қатысқандар: меңгеруші, 25 педагог

Күн тәртібі:

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу. «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылдың 05 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес балабақша қызметін өзін-өзі бағалау әлеуметтік нәтижелермен таныстыру, өзін-өзі бағалау дайындап желіге орналастыру.

Жауапты меңгеруші: А.Е Карабалина

Тыңдалды:

1. Меңгеруші А.Е Карабалина «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылдың 05 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес балабақша қызметін өзін-өзі бағалауын өткізу жөнінде комиссия мүшелері құрылды. Бағалау рәсімін дайындау және өткізу жөнінде комиссия мүшелерінің құжаттар топтамасын калыптастыру үшін ұжым тұтастай алғанда үлкен және сапалы жұмыс жүргізді. Педагогтарды өзін-өзі бағалау материалдарымен таныстырды, сонымен қатар ұйымның қызметін өзін-өзі бағалау бойынша жұмыстар жүргізілгенін атап өтті.

2. Тәрбиеші Д.Н Бисеналина өзін-өзі бағалау критерийлеріне сәйкес балабақшада барлық жағдай жасалғанын, мектепке дейінгі ұйым жүйелі, сапалы жұмыс жасайды. Материалдық база жиһазбен, әдістемелік кешендермен, ойыншықтармен, дамытушы ойындармен жабдықталған.

3. Әдіскер Г.Ж Ниетбаева балалардың дамуы үшін барлық жағдай жасалған, критерийлерге сәйкес өзін-өзі бағалаудың талдау нәтижелері бойынша комиссия мүшелері А.Е.Карабалина меңгеруші комиссия төрайымы, комиссия мүшелері Бисеналина Д.Н., Мерғалиева Г.А., Айжанова А.К. білім беру ұйымының, өзін-өзі бағалауының қорытындысын шығарып, «жақсы» деңгей деп бағаланды. Барлық өткізілген бақылау жұмыстарының мәліметтері №41 «Назерке» бөбекжай-балабақша МКҚК барлық педагог мамандар дайындаған материалдар балабақша сайтына жүктелді.

Шешімі: Балабақшаның қызметін өзін-өзі бағалау бойынша «жақсы» деңгейде деп танылсын.

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Меңгеруші:

А.Е Карабалина

Хатшысы:

Г.М Тоқан

